

АЛТЫН ОРДА МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Сөз өнерінің көрнекті туындылары халықтың мыңдаған жылдар кезеңдерінде қалыптасқан дүниетаным болмысын танытады. Рухани мәдениет қазынасы арқылы халықтың өркениеттер жүйесіндегі көрнекті тұлғасы айқындалады. Қазақстанның жаңа тарихындағы ұрпақтардың ұлттық және жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды игеруі мемлекетіміздің басты мұраты болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасына байланысты айтқан пікірі осы талаптың орындалуын бағдарлайды: “... ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау – “Мәдени мұра” бағдарламасының басты мақсаты болуы тиіс” [1, 1 б.].

Қазақ әдебиетінің қалыптасуы, даму тарихында түркі өркениеті және ислам діні мәдениеті ықпалдаса, тоғыса дамыған кезеңдер ұлттық сөз өнерінің кейінгі дамуына берік негіз болды. Ислам діні кең тараған Қарахан мемлекеті (X-XIII ғ.ғ.) және Алтын Орда-Қыпшақ (XIII-XIV ғ.ғ.) дәуірлеріндегі әдеби мұралар қазіргі заманғы көзқарастарға сай жаңаша бағалауды қажет етеді. Аталған кезеңдердегі түркі әдебиеті мен ғылымының аса көрнекті өкілдері Әбу Насыр әл-Фарабидің, Махмұд Қашқаридың, Жүсіп Баласағұнның, Қожа Ахмет Ясауидің, Ахмет Йүгінекидің, Сүлеймен Бақырғанидың, Насреддин Рабғузидің, Құтыбтың, Хорезмидің, Хұсам Кәтибтің, Сәйф Сараидың әдеби мұралары ұлттық мәдениетіміздің көп ғасырлық шынайы болмысын бейнелейді. Мұхтар Әуезов ислам дінінің таралуының сөз өнеріне жасаған игі ықпалын атап көрсетеді: “...ең әуелі әдебиет жұрнақтары шығады. Құдайға дұға айтып шұбыртқан такпақ өлендер шығады. Діни мейрамдар сияқты әдеттер туады. Құдайлар мен әруақтар туралы толып жатқан әңгімелер тарайды. Бұл дәуір тілді байытты. Әлгі әңгімелер себеп болып, сөйлер сөз көбейді” [2, 15 б.]; “Мұсылманшылыққа ауысқан соң қазақ белден асып кеткендей болды” [2, 19 б.]. Демек, ислам діні, қасиетті Құран кітабы қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірінен бастап кейінгі ғасырларға ұласуында тұрақты тірек-желі болды. Бұл орайда Құран кітабының қазақ әдебиеті тарихындағы аса елеулі ықпалы да айқындала түседі.

Құран кітабындағы сюжеттер әлемдік сөз өнері және қазақ әдебиеті мұраларының гуманистік мұраттар жолындағы дамуында эстетикалық, тәлім-тәрбиелік негіздердің бірі болды. Исламдық-ағартушылық мәдени дамуда ықпалды орын алған Құран кітабының әдеби дамудағы маңызын қазіргі замандағы ғылыми тұжырымдамалар да дәйектейді: “Құран әр алуан оқу орындарында оқытылады. Бұрынғысынша оның идеялары, бейнелері көркем әдебиеттен орын алуда. Ол мұсылман халықтарының бұқаралық ақпарат құралдарында, қоғамдық-саяси әдебиеттерінде кең пайдаланылады. Құран мәтіндері сәулет өнерінде негізгі өрнектік міндет атқаратын мәнін де сақтап қалған. Құран идеялары мен бейнелері осы күнгі мұсылмандардың ақыл-ойына, тәлім-тәрбиесіне әсер етпей тұра алмайды” [3, 100 б.].

Құран кітабындағы сүрелердің идеялық-композициялық жүйесіндегі сюжеттер бойынша әлем халықтарының әдебиеттерінде талай көркем туындылар жазылды. Олардың біразы - қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті шығармалар. Құран кітабының “12-Юсып” сүресінің [4, 236–248 б.б.] сюжеті ізімен әлемге кең таралған “Жүсіп-Зылиха” қиссасы жүздеген жылдардан бері ақындарды, драматургтерді, суретшілерді толғандырып келеді. Осы көркем дүниенің эстетикалық құндылығына қызыға қарап, тамсанбаған ұрпақ немесе халық кемде-кем. Бұл – бүкіл тіршілік иелерінің ішінде адам баласына ғана тән, шынайы сезімді, адал махаббатты жырлай білген шығарманың терең деңгейіндегі халықтық сипатының куәсі. Жүсіп пен Зылиха туралы аңыздың жалпыадамзаттық мәні мен аса өміршендігі туралы айта отырып, көрнекті шығыстанушы Е.Э.Бертельс былай деп жазған болатын: “Алуан түрлі эпизодтардың алмасып отыруы – алаңсыз балалық шақ, отбасындағы ұрыс-жанжал, жан түршіктірірлік құлдыққа сату оқиғасы, бұрынғыдан да қорқынышты құлдырау, түрмеде болған жан түршігерлік жағдайлар, жаңадан басталған шарықтау сияқты оқиғалардың бәрі бұл аңызды бірнеше ғасырлар емес, тұтастай мыңжылдықтар өтсе де ұмытылмайтын, өшпейтін әдеби мұра қатарына қосты” [5, 166 б.].

Уақыт өте келе бұл аңыз әрбір дәуірдің әлеуметтік сипатына сәйкес түрленіп, таралған сайын сан алуан өзгерістерге ұшырап отырды. Біздің заманымыздың VII ғасырында ол исламның қасиетті кітабы Құранға енді. Ондағы махаббат сезімінің тазалығы мен құдіреттілігі туралы идея енді мұсылман рухында қайта жаңғыртылды. Енді Жүсіп пен Зылиха туралы аңыз тек діни кітаптар шеңберінде ғана қалып қоймай, аса кең таралып, көптеген көркем шығармаларға негіз болды. Жүсіп пен Зылиханың махаббат хикаясына рухтанған Шығыстың көптеген ақындары оны асқан шеберлікпен дамытып, соның нәтижесінде аңыздың сюжеті кеңейтіліп, көркейе түсті.

Адамгершілікті, имандылықты насихаттайтын қызықты оқиғаға толы бұл шығарма кезінде түркі халықтарына кеңінен тарады. Қазақ ақындарының да шабытына шабыт қосты. Бірақ негізінен діни тақырыптағы туынды болғандықтан, Кеңес өкіметі жылдарында көпшілік назарынан тыс қалды. Исламның аты аталып, Алла мен пайғамбар туралы сөз болғандықтан, үстем идеология бұл шығарманы халықтан алыстатуға күш салды. Олардың көркемдік мұраттарын азаматтық құндылықтарға сәйкестік жағынан емес, саяси тұрғыдан бағалау басым жатты. Әдебиеттегі Шығыстан түскен жарықты өшіруге кеңестік заман барынша тырысып бақты.

Рабғузи қиссаларының жалпы идеясы – ислам діні көзқарастарына негізделген. Ғалым Х.Сүйіншәлиев: “Ол кездегі ескерткіштерден дін араласпаған шығарманы тауып аламыз деу – бос әурешілік. Осы қиссадағы діни қауызды аршып тастап, ондағы адамгершілік тұрғысындағы нәріне көз жіберсек қана, оның әдебиет тарихы үшін керектігіне көз жетеді. Оның үстіне бұл қиссаның жанрлық өзгешелігін де ескеру керек”, - деп орынды атап көрсетеді [6, 165 б.].

Бұл қиссалардың кешегі кеңес заманында оқытылуға тыйым салынғанынан пайда емес зиян көргеніміз анық. Бұл ретте ғалым

Т.Кәкішев: “Түркі тілдес классикалық әдебиеттің ішінде Қожа Ахмет Иассауидің орны ала бөтен. Көркем туындыға таптық тұрғыдан қарап, аллақұдай араласып кеткендерін діни мерездер деп тапқан кезде ең зор теперішті көрген дарын – Иассауи. Тіпті үріккеніміз, шошынғанымыз сонша, өмір бойы Түркістанда жасап, өзінің бар шығармасын сонда жазғанын ескермедік. Мәйіті сонда жатқанын ғана емес, Әзірет Сұлтандай әлемдік мәні бар кесенесі тұрғанын да көзге ілмедік. Небір зиялыларымыздың өздері оның “Хикмет” деген еңбегінің атынан шошып, қадыр-қасиетіне жетпеді. Насыреддин Рабғузи, Сүлеймен Бақырғанилар оның жолын қуды деп тұлан тұттық. Соның салдарынан жалғыз түркі тіліндегі әдебиетте ғана емес, бүкіл Шығыста, жалпы адамзат әдебиетінде софылықты өркендетушілердің бірі болғандығын қазақ жұртына орасан зор абырой екенін енді-енді түсінгендейміз” [7, 27-28 б.].

Зерттеуші С.Дәуітұлы ислам діні арқылы қазақ әдебиетін байытқан қисса-дастандарды (“Жүсіп-Зылиха”, “Мұңлық-Зарлық”, “Сейфұл-Мәлік”, “Рүстем-Зораб”; “Шәкір-Шәкірат”, “Мың бір түн”) ... бүгінде еліміздің рухани қазынасына айналып кеткен әдебиетіміздің інжулері мен маржандары” [8, 54 б.], - деп бағалайды.

Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі қазақ әдебиетінің көрнекті мұраларын арнайы зерттеудің маңызы зор. Қазақ әдебиетінің жазбаша дәстүрлі дамуындағы исламдық-ағартушылық сипатын айқындаған осы кезең шығармаларын дәстүрлік және көркемдік тұрғыдан қарастырудың зәрулігі айқын. Сондықтан Рабғузидің “Қисас-ул анбийа” ескерткішін зерттеу әдебиеттану ғылымның қазіргі көкейкесті талаптарынан туындайды.

Қазақ әдебиетінің көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан тарихындағы рухани құндылықтарымызды іргелі зерттеу еңбектері арқылы ғылыми айналымға енгізу жұмыстары жаңаша қарқынмен жалғасуда. Бұл орайда, Алтын Орда-Қыпшақ дәуіріндегі көрнекті шығармаларды тарихи поэтика, тіл тарихы, методологиясы бағдарымен қарастырған зерттеулердің үздіксіз жүргізіліп келе жатқанын айтамыз.

Аталған еңбектерде осы кезеңдегі туындылар, оның ішінде Рабғузидің “Қисас-ул анбийа” жазба ескерткішіндегі шығармалар әртүрлі қырларынан зерттелді. Тарихшы, тілші ғалымдар бұл кезеңдегі туындыларды түркі халықтарының тарихына, тілдік аспектілеріне қатысты мәселелермен байланыстыра қарастырады.

Профессор А.Қыраубаева Рабғузи қиссалары сюжеттерінің ежелгі Шығыс халықтары арасында дәстүр жалғастығы жолымен жасалған аударма - нәзира шығармалар екендігін айтады [14].

Рабғузи қиссаларының ең көне қолжазба нұсқасының толық мәтіні Лондондағы Британия мұражайында сақталған. Сол мәтіннің жеке үзінділері (П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов жариялаған) ғана мәлім еді. Сондықтан, “Қисас-ул анбийа” ескерткішіндегі «Жүсіп Сыддық» қиссасының қазақ тіліне аударылуы, түп-төркіні мен поэтикалық ерекшеліктерін саралау ежелгі мәдени мұрамыздың ұлттық әдебиеттанудағы лайықты орнын табуына мүмкіндік жасайтындығы ақиқат.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында ежелгі дәуір мұраларын зерттеуді тұңғыш бастаушы, қалыптастырушы профессор Б. Кенжебаевтың еңбектері даралана аталады. Ғалым: «...дұрысында «Қисас-ул әнбия» таза діни кітап қана емес, түгелдей әулиелер, пайғамбарлар туралы хикая да емес. Ерте замандардағы түрік текті халықтардың, ру-тайпалардың қисса-хикаяларының, аңыз-ертеңдерінің, өлең-жырларының жинағы, өңделген түрі ескі ұрпақ мәдениетінің нұсқасы дерлік көркем шығарма» [15, 17-18], деп “Қисас-ул анбийа” жинағындағы әрбір туындыға көркем шығарма ретінде баға береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. 2003. – 29 қараша.
2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Энциклопедия «Ислам». – Алматы: ҚЭ. Бас редакциясы. 1995. – 286 б.
4. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінік. – Мілади, 1991. – 604 б.
5. Беретльс Е.Э. Узбекский поэт Дурбек и его поэмы о Иосиф Прекрасом. В кн.: Дар-Альманах. – Ташкент, 1994. – 380 с.
6. Х.Сүйіншәлиев. Ғасырлар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 216 б.
7. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. 448 б.
8. Дәуітұлы С. «Диуани хикмет» және қазақ поэзиясы. – Алматы: Экономика, 2001. – 351 б.
9. Al-Rabghuzi. Qisas al-Anbiua. – E.J.Brill. Leiden-New-York-Koln,. 1995. 250.
14. А.Қыраубаева. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
15. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері., Алматы: Ғылым, 1973.

Аннотация:

Мақалада қазақ әдебиетінің қалыптасуы, даму тарихында түркі өркениеті және ислам діні мәдениеті ұлттық сөз өнерінің кейінгі дамуына берік негіз болуы, ислам діні кең тараған Қарахан мемлекеті (X-XIII ғ.ғ.) және Алтын Орда-Қыпшақ (XIII-XIV ғ.ғ.) дәуірлеріндегі әдеби мұралар қазіргі заманғы көзқарастарға сай жаңаша бағалауды қажет ету маңыздылығы айтылады.

Аталған кезеңдердегі түркі әдебиеті мен ғылымының аса көрнекті өкілдері Әбу Насыр әл-Фарабидің, Махмұд Қашқаридың, Жүсіп Баласағұнның, Қожа Ахмет Ясауидің, Ахмет Йүгінекидің, Сүлеймен Бақырғанидың, Насреддин Рабғузидің, Құтыбтың, Хорезмидің, Хұсам Кәтибтің, Сәйф Сараидың әдеби мұралары ұлттық мәдениетіміздің көп ғасырлық шынайы болмысын бейнелейді.

Адамгершілікті, имандылықты насихаттайтын қызықты оқиғаға толы «Жүсіп-Зылиха» қиссасы кезінде түркі халықтарына кеңінен тарап, қазақ ақындарының да шабытына шабыт қосқандығы сөз болады. Бірақ, діни тақырыптағы туынды болғандықтан, Кеңес өкіметі жылдарында көпшілік назарынан тыс қалып, исламның аты аталып, Алла мен пайғамбар туралы сөз болғандықтан, үстем идеология бұл шығарманы халықтан алыстатуға күш

салынуы, әдебиеттегі Шығыстан түскен жарықты өшіруге кеңестік заман барынша тырысып бағуы айтылады.

Abstract: The main idea of the paper is the modern meaning of the Literary heritage of Karahan state (X-XIII) and Gold horde (XIII-XIV).